«KEGOC» АҚ Акционерлеріне

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы отырысының күн тәртібіндегі «KEGOC» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы» мәселесі бойынша

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және «KEGOC» АҚ Жарғысының 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, «KEGOC» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының (бұдан әрі - Акционерлердің жалпы жиналысы) айрықша құзыретіне жатады.

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2019 жылғы 25 қазандағы шешімімен (№14 хаттама) «KEGOC» АҚ Жарғысы бекітілді. «KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2020 жылғы 23 қазандағы шешімімен (№19 хаттама) өзгерістер және толықтырулар енгізілді.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 наурыздағы шешімімен (№3 хаттама) бекітілген «KEGOC» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының (бұдан әрі – СҚУ жоспары) 33-тармағын, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы А.М. Сәтқалиевтің «Самұрық-Қазына» АҚ реформалау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 37-р тапсырмаларын орындау үшін кеңейтілген Жол картасын іске асыру мәселелері жөніндегі кеңесте берген ұсынымдарын орындау шеңберінде, «KEGOC» АҚ Жарғысының нормаларын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру және корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін қолдану мақсатында, «KEGOC» АҚ Жарғысына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындады. Алайда енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың көлемін ескере отырып, «KEGOC» АҚ Жарғысының жобасы жаңа редакцияда әзірленді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Акционерлердің жалпы жиналысына «KEGOC» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда бекіту ұсынылады.

2. Осы мәселе бойынша шешім қабылданбаған жағдайда, «KEGOC» АҚ Жарғысының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес келмеуі және СҚУ жоспарын орындамау тәуекелі туындайды. Ұсынылған шешімді қабылдаған жағдайда тәуекелдер болмайды.

3. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы осы мәселе бойынша ұсынылған шешімді қабылдаған жағдайда болжамды әлеуметтік-экономикалық салдарлар жоқ.

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы «KEGOC» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда бекіткен жағдайда:

1) уәкілетті органға «KEGOC» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде хабарлау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің және қазақстан қор биржасының интернет-ресурстарында орналастыру қажет.

4. Құжаттарды нотариалды куәландыруға арналған болжамды қаржылық шығындар «KEGOC» АҚ бюджетінде көзделген.

5. Бұған дейін бұл мәселені «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі 2022 жылғы 21 қазанда (№10 хаттама) қарады және мақұлдады.

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы,
«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі **Қ. Молдабаев**

Документ подписан ЭЦП НУЦ РК

Молдабаев К.Т. (Председатель Правления) - 14.11.2022 10:50:46

Согласовано:

31.10.2022 16:14:04: СОГЛАСЕН Докумбаев А.Т. (Главный менеджер)
01.11.2022 16:12:40: СОГЛАСЕН Омаров К.С. (Директор департамента)
01.11.2022 17:48:03: СОГЛАСЕН Арпабекова Ж.Б. (Директор департамента)
01.11.2022 17:59:25: СОГЛАСЕН Амиров Ч.К. (Главный аудитор)
01.11.2022 19:36:40: СОГЛАСЕН Амиров А. (Комплаенс - офицер)
02.11.2022 14:45:23: СОГЛАСЕН Имятов О.Ж. (Менеджер)
02.11.2022 17:12:33: СОГЛАСЕН Кузеков М.А. (Менеджер)
02.11.2022 17:12:48: СОГЛАСЕН Рамазанов Е.Б. (Корпоративный секретарь)
02.11.2022 17:22:58: СОГЛАСЕН Коккозова К.Т. (Руководитель службы)
03.11.2022 12:19:59: СОГЛАСЕН Жаров А.Н. (Главный аудитор)
03.11.2022 15:40:14: СОГЛАСЕН Есетов О.О. (Руководитель службы)
03.11.2022 16:43:47: СОГЛАСЕН Конахбаева Э.Б. (Управляющий директор по стратегии и устойчивому развитию)
09.11.2022 12:16:04: СОГЛАСЕН Сафуани Т.Е. (Управляющий директор по правовому сопровождению и рискам)

Данный электронный документ подписан с использованием электронной цифровой подписи.
Определен положительный результат проверки ЭЦП

Жоба

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы отырысының күн тәртібіндегі «KEGOC» АҚ Жарғысын жаңа редакцияда бекіту туралы» мәселесі бойынша

ШЕШІМ

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және «KEGOC» АҚ Жарғысының 18-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, **«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сай «KEGOC» АҚ Жарғысы жаңа редакцияда бекітілсін.

2. «KEGOC» АҚ Жарғысы уәкілетті органда жаңа редакцияда мемлекеттік тіркелген күннен бастап Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 2019 жылғы 25 қазандағы шешімімен (№14 хаттама) бекітілген «KEGOC» АҚ Жарғысының күші жойылды деп танылсын.

3. «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы (Молдабаев Қ.Т.) жаңа редакциядағы «KEGOC» АҚ Жарғысына қол қойсын және осы шешімнен туындайтын өзге де тиісті шараларды қабылдасын.